

**«Жастар мен жасөспірімдер арасында аутодеструктивті
оқиғалардың, ерте жүктіліктің келеңсіз жағдайлардың,
зорлық-зомбылықтың жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу»**

Қазіргі таңда жасөспірімдердің мінез-құлқындағы өзгерістер, ерте жүктілік, зорлық-зомбылық пен жыныстық тиіспеушілікке қатысты келеңсіз жағдайлардың алдын алу — білім беру ұйымдарының басты назарындағы мәселе. Осыған орай мектебімізде «Жастар мен жасөспірімдер арасында аутодеструктивті оқиғалардың, ерте жүктіліктің, зорлық-зомбылықтың, жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу» тақырыбында «Жетісай ауданының мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ДТЖО Нұрмағанбетов Нұрлыбек ағай, әлеуметтік педагогы Байбосынова Лаззат, педагог психолог Рахимова Бибігүл, Жетісай ауданының орталық аурухана әйелдер кеңесі бөлімінің меңгерушісі Абзейтова Ақшақыз Абдикаликовна мен педиатр, терапевт дәрігері Тажен Гулназ, мейірбике Шериева Гульзат апай мектеп-интернатында оқитын оқушыларымен біргелікте, кездесу сағаты өткізілді. Кездесу барысында мамандар жасөспірімдердің бойындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың белгілерін, себептерін түсіндіріп, одан арылудың жолдарын ұсынды. Ерте жүктілік пен оның салдары туралы әлеуметтік-психологиялық тұрғыда кеңес берілді. Сондай-ақ жыныстық тиіспеушілік пен зорлық-зомбылық мәселелері бойынша заң аясында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушылармен ашық пікір алмасу, сұрақ-жауап алаңы ұйымдастырылып, нақты өмірлік жағдаяттар талқыланды. Мұндай іс-шаралар — жасөспірімдердің қауіпсіздігі мен дұрыс дамуына негіз болатын маңызды қадамдардың бірі.